

түсіреді және көршілерін, таныстарын мерекемен құттықтайды, «Біреуге жақсылық жаса ұмыт, біреудің саған жасаған жақсылығын ешқашан ұмытпа!» деген қағидамен кез келген йырымдылық іс-әрекеттеріне және басқа да ізгі істерге Алғыс айтады;

2) телеарналардың («Хабар», «Qazaqstan», 24KZ және т.б. өңірлік телерадиоарналар) жаңалықтар сюжетінде өңірлердегі оқиғалар орнынан тікелей байланыстар;

3) әлеуметтік желілерде акция туралы хабар тарату үшін «Қоғамдық келісім» РММ желісі бойынша жобаны іске қосу;

4) ұялы телефондарға құттықтау және алғыс айту мәтіндерін жіберуді ұйымдастыру;

5) Интернет-флэшмоб - «Көршілер»: көршілерге алғыс білдіріп, ақ тілектер арнайтын посттар сериясын жариялау;

6) көршілес қалалардың, аудандардың, елді мекендердің өмірі мен жетістіктері туралы мақалалар сериясын жариялау;

7) ата-аналарға, ағайын-туыстарға, көршілерге, достарға, мұғалімдерге, дәрігерлерге және әріптестерге әлеуметтік желілерде (Фейсбук, Инстаграмм, Твиттер, вКонтакте) алғыс білдіру акциясы.

II. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын көпшілікке тарату бойынша іс-шаралар

Негізгі мақсаттары: қоғамда «Рухани жаңғыру» идеясының маңызын түсіндіру және көпшілікке тарату.

Қатысушылардың құрамы: ҚХА өңірлік хатшылықтары, этномәдени бірлестіктер, әкімдіктердің өкілдері, мектептер, қоғамдық келісім кеңестері, аналар кеңестері, өңірлік БАҚ және т.б.

Іс-шаралар форматы:

1) қалаларды, елді мекендерді тазарту және көгалдандыру, көшеттер отырғызу;

2) «Таза қала» - «Таза ауыл» акциясы аясында аулалар, көшелер арасында «Ауласы бірін ауасы бір» - «Чистый двор, чистая улица» атты өңірлік жарыстар өткізу;

3) өлкетану музейлеріне бару;

4) мектеп оқушылары арасында өлкетану тақырыбына арналған шығармалар байқауын өткізу, ата-аналардың қатысуымен балалар арасында жарыстар ұйымдастыру;

5) өңірлік телеарналарда өңірдегі киелі жерлердің тарихы туралы бейнероликтер конкурстарын және т.б. өткізу.

III. «Қайырымды Ел» қайырымдылық акциясы, волонтерлар (еріктілер) ұйымдары мен медиация кеңестерінің жобалары

Негізгі мақсаттары: XX ғасырдың 30-40 жылдарында Қазақстанға жаппай жер аударылған түрлі этностардың өкілдеріне қайырымдылық көрсетіп, бауырына басқан қазақ халқының кеңпейілдігін есте сақтау акциялары.

Қатысушылардың құрамы: ҚХА өңірлік хатшылықтары, этномәдени бірлестіктер, ҰЕҰ, бизнес-құрылымдар, волонтерлар (еріктілер), медиация кеңестері және т.б.

Іс-шаралар форматы:

1) жалғызбасты және қарт адамдарға көмек көрсету: балалар үйлері мен қарттар үйлеріне сыйлықтар апару, жалғызбасты жандарға көмек көрсету, көмекке мұқтаж адамдарға қолғабыс көрсетуге арналған «Тимур командаларын» құру, қайырымдылық түскі ас ұйымдастыру;

2) тұрмыс жағдайы төмен адамдарға (әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы және толық емес отбасылар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, бұрынғы спортшылар мен олардың жаттықтырушылары) қаражат жинау бойынша акциялар;

3) волонтерлар (еріктілер) ұйымдарының жобалары: нысаналы (адрестік) көмек көрсету және т.б.;

4) Өңірлердегі ҚХА-ның барлық медиация кабинеттерінде, республикалық Құқық қорғау